



**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РК
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
ФАКУЛЬТЕТ СОЦИАЛЬНЫХ НАУК
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ
КАФЕДРА ПСИХОЛОГИИ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международного научно-методического семинара:
«АНАЛИЗ УЧЕБНЫХ ПРОГРАММ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ «ЗЕЛЕННЫХ»
УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ»**

**В рамках проекта ИРН АР14869631 «Модель «зеленая школа – зеленый колледж
– зеленый университет» как система развития экологизации образования»**

**28 ОКТЯБРЯ 2022 Г.
АСТАНА, РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»
ФАКУЛЬТЕТ СОЦИАЛЬНЫХ НАУК
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ
КАФЕДРА ПСИХОЛОГИИ**



**МОСКОВСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М.В. ЛОМОНОСОВА
ФАКУЛЬТЕТ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**ОБЩЕСТВЕННЫЙ СОВЕТ БАЗОВОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ПО ЭКОЛОГИЧЕСКОМУ
ОБРАЗОВАНИЮ СТРАН СНГ**

КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ КОРКЫТ АТА

НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫЙ ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ ФОНД ИМЕНИ В.И. ВЕРНАДСКОГО

**ШКОЛА-ЛИЦЕЙ N101 ИМ.А. МУСЛИМОВА «ЗЕЛЕНАЯ ШКОЛА»,
(Г.КЫЗЫЛОРДА. РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН)**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международного научно-методического семинара:
**«АНАЛИЗ УЧЕБНЫХ ПРОГРАММ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ «ЗЕЛЕННЫХ»
УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ»**

28 октября

г. Астана – 2022

УДК 378(08)
ББК 74.48я431
А 64

*Выполнено в рамках научного проекта ИРН АР14869631
«Модель «зеленая школа – зеленый колледж –
зеленый университет» как система развития экологизации образования»*

Рецензенты:

Менлибекова Гультбахыт Жолдасбековна – доктор педагогических наук, профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

Молдабекова Сандугаш Каирхановна – PhD, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Кокшетауского университета им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, Казахстан

Главный редактор:

Длимбетова Гайни Карекеевна

д.п.н., профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва,
г.Астана, Казахстан

Редакционная коллегия:

Булатбаева К.Н., д.п.н., профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

Саипов А.А., д.п.н., профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

Курманбаев Р.Х., к.б.н., профессор Кызылординского университета имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Казахстан;

Абенова С.У., PhD, старший преподаватель кафедры педагогики Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

Дукомбайев А.Т., магистр гуманитарных наук, магистр истории Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

Әкіміш Д.Е., магистр педагогических наук Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан.

Технический редактор – Табаран Д.А., магистрант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан.

А 64 «Анализ учебных программ в контексте развития «зеленых» учебных заведений»: Сборник матер. Межд. науч.-метод. семин. /– Астана, 28 октября, 2022 г. – Астана: типография ИП «Булатов А.Ж.», 2022. - 278 с.

ISBN 978-601-337-781-0

Настоящий сборник составлен по материалам международного научно-методического семинара «Анализ учебных программ в контексте развития «зеленых» учебных заведений», состоявшегося 28 октября 2022 года в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (г. Астана).

Материалы семинара предназначены для ученых, педагогов-предметников высших, средних учебных заведений, магистрантов, докторантов PhD и аспирантов, международных экспертов, представителей общественных организаций.

Материалы публикуются в авторской редакции, и редколлегия не несёт ответственности за содержание авторских материалов.

УДК 378(08)
ББК 74.48я431

ISBN 978-601-337-781-0

© ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2022

2-мақсат. Барлығы үшін су ресурстарының болуын және оларды тиімді пайдалану мен санитарияны қамтамасыз ету.

3-мақсат. Барлығы үшін қымбат емес, сенімді, берік және заманауи энергия көздеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету.

4-мақсат. Климаттың өзгеруіне және оны салдарларына қарсы күрес бойынша жедел шараларды қолдану.

5-мақсат. Мухиттерді, теңіздерді және теңіз ресурстарын тұрақты даму мүдделерінде сақтау және ұтымды пайдалану.

6-мақсат. Құрлықтың экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және оларды онтайлы пайдалануға жәрдемдесу, орманды онтайлы пайдалану, шөлге айналуға қарсы күрес, жердің тозуы үдерісін тоқтату және кері бұру және биологиялық алуан түрліліктен айырылу үдерісін тоқтату.

Экологиялық білім неғұрлым жылдам қарқынмен дамуы керек, өйткені, біздің ойымызша, ол қазіргі өркениеттің тұрақты дамуға көшуінің қажетті элементі ретінде білім беру жүйесінің жаңа моделінің негізіне айналады. Білім беру жүйесі болашақ үшін тікелей және барынша тиімді жұмыс істеуі керек, өйткені ол әрбір адамның жеке қасиеттерін, оның білімі мен дағдыларын, мінез-құлық басымдықтарын, сондай-ақ жалпы қоғамның экономикалық, рухани және материалдық әлеуетін анықтайды.

Экологиялық білім тұрақты даму концепциясын адамзаттың рухани және кәсіби көзқарастарының жүйесіне айналдыруды қамтамасыз ететін тұтқаға айналуы тиіс. Тұрақты даму ғана қазіргі өркениеттің өмір сүруіне, оның прогрессивті дамуына және тұтастай биосфераның сақталуына әкеледі.

Әдебиет тізімі:

1. Муртазалиева Б. Н. Экологическое воспитание: сущность, задачи, значение // Вести республики. 2007. № 113.
2. Декларация Рио-де-Жанейро по окружающей среде и развитию // Организация Объединенных Наций, г. Рио-де-Жанейро, 14.06.1992 г.
3. Массеров, Д. А. Возникновение и развитие концепции устойчивого развития общества / Д. А. Массеров, А. В. Киришин // Проблемы региональной экологии. - 2013. - № 1. - С. 197-200.

ӘОЖ 911.3

«ЖАСЫЛ МЕКТЕП» МОДЕЛІ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАР БІЛІМІН ЭКОЛОГИЯЛЫНДЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН САРЫАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТҰРАЛЫ ҒЫЛЫМИ МӘЛІМЕТТЕР МАЗМҰНЫ

Азимбай Нурсулу Саматқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
azimbay.n@bk.ru

Ғылыми жетекшісі - Саипов Абдимәжит Аманжолович

Аңдатпа: Мақала қазіргі кезеңде өзекті болып отырған экологиялық апаттарға байланысты мектеп оқушыларын табиғатты сүйюге арналған, қоршаған ортаны қорғау мақсатында экологиялық білім беруге арналған. Экологиялық білім тек қана теориялық негізде емес, тәжірибиелік, зерттеу жұмыстары ретінде оқушыларды тәрбиелеу, баулыту мақсат болып отыр. Зерттеу нысаны ретінде Сарыағаш ауданы алынып, оның экологиялық мәселелері қаралып, шешу жолдары мен «Жасыл мектеп» жобасы аясында оқушылардың білімдерін экологияландыруға бағыттар мен ұсыныстар қарастырылды.

Түйін сөздер: жасыл мектеп, экология, Сарыағаш ауданы, қоршаған орта, ландшафт, адам әрекеті.

Қазіргі таңда қоғамдық көзқарас тұрғысынан неғұрлым өзекті болып отырған экология проблемаларына назар аудару, жоғары оқу орындары мен мектептерде экологиялық білім беру, өскелең ұрпақты туған өлкенің экологиясына құрметпен қарауға тәрбиелеу қажеттігі туралы Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөздерінде бірнеше рет атап өтті. Алға қойылған міндеттің маңыздылығын түсіне отырып, республиканың білім беру ұйымдары белгілі бір деңгейде жұмыс жүргізуде. Әрине, табиғатқа жауапкершілікпен қарау, балаларда экологиялық сананы қалыптастыру – өте күрделі және ұзақ үдеріс [1].

Бүгінгі таңда мектептегі оқу-тәрбие үдерісінің мемлекеттік маңызды тұстарының бірі – орта білім беру жүйесіндегі барлық пәндер аясында оқушыларды қоршаған ортамен үнемі байланыста болуға үйрету, олардың бойында табиғат туралы, табиғатты қорғау, болашақ ұрпақтарға сақтау қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру, табиғатқа жанашырлық сезімін тәрбиелеу. Оқушыларды өз өлкесінің қоршаған ортасымен таныстыру – танымын, түйсігін дамытудың басты мүмкіндіктердің бірі боп саналады. Біздің зерттеуіміздің маңыздылығы – бала өмірінің алғашқы жылдарынан бастап оның тәрбиесіне көңіл бөлуде, оның қоршаған ортаға бейімделуіне жағдай жасауда. Сондықтан зерттеу тақырыбымызды «Жасыл мектеп» моделі аясында оқушылар білімін экологияландыруға бағыттау, қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық мәдениетін қалыптастыру» деп таңдадым [2]. География пәні аясында Түркістан облысын Сарыағаш ауданының оқушыларын ауданның табиғатына саналы түрде көзқарас, онымен бірге түсіністікке негізделген қарым-қатынас жасау және табиғатты пайдалануға тәрбиелеу, экологиялық сананы қалыптастыру мектеп қабырғасында жүргізілуде. Оқушыларға тек теориялық біліммен ғана шектелмей тәжірбиелік әдістер арқылы оқыту мақсатында «Жасыл мектеп» жобасы жүзеге асырылуда, бірақ Сарыағаш ауданының мектептерінде жоба әлі іске асырылмаған. Осы аталған құндылықтарды жүзеге асыру мақсатында, атап айтқанда аудан оқушыларының туған өлкесі бойынша географиялық білімдерін экологияландыруға бағытталған, ауданның экологиялық мәселелері бойынша ғылыми негізделген мына төмендегідей мазмұндағы мәліметтер ұсынылады.

Адам әрекеті техникалық прогрестің артуына байланысты соңғы кезде ландшафтыны өзгертуге алып келді. Қазір Сарыағаш ауданында адам әрекетінің тікелей және жанама әсерлері тимеген бірде бір жер қалмаған. Көптеген аймақ ландшафтысы адамның шаруашылық әсері нәтижесінде өзгеріп, антропогендік ландшафтысын қалыптастыруда. Адам әрекетіне байланысты негізінен ландшафтының өзен жүйесі, жылу мен ылғал балансы, топырақ жамылғысы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі өзгереді.

Сарыағаш ауданының антропогендік ландшафтысы табиғи ортамен үйлесетін шағын географиялық кешен болып табылады. Оған жергілікті жердің геологиялық, геоморфологиялық процестері, микроклимат пен жер бедері, жер асты және жер үсті суларының режимі, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жатады. Антропогендік фактор нәтижесінде жаңа сипатқа ие болатын ландшафт құрамдас бөліктерінің тұрақтануы ортаның экологиялық жағдайынан үйлесім тапқанда ғана байқалады. Сарыағаш ауданының ландшафтысының өзгеруіне жергілікті халықтардың машиналы техникалық көлік байланысы, егістік, жайылымдық, шабындық жерлерді өңдеуі әсер етіп отыр. Осы факторлар ауданның ландшафтық түзіліс құрылымының қайта түзілуімен бірге ауа, су, жер беті жыныстары, топырақ, өсімдік, жануарлар дүниесі, жылу, ылғал алмасу процесі т.б материалдық заттар балансының аймақтық өзгерісіне себепші болып отыр.

Солардың бірі агроөнеркәсіп кешеніндегі егін шаруашылығы, ол халық шаруашылығын химияландыру барысында егіншілікте минералды тыңайтқыштармен тыңайтылып, егістік дақылдардың өнімділігі арттырады. Пестицидтер, гербицидтер, химиялық заттар армашөптер мен зиянкестерге қарсы күрес үшін пайдаланылады. Осылайша Сарыағаш аумағының ландшафтысы химиялық және биохимиялық процестердің ырғағына күрделі өзгеріс енгізуде.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданының кентінде тұрғындар бұрын ең таза ауамен демалса, қазір ең лас ауамен. Мұның себебі ауылдан бірнеше шақырым жерде орналасқан жылыжайлар жағынан келетін каустикалық түтіннің ауаны ластауы. Мұндағы елді мекеннің экологиясы нашарлап, денсаулық жағдайына шағымдар жиілеп кеткен. Жергілікті тұрғындар мойындағандай, қара түтін үйлерге енеді, сондықтан ауаны сүзу үшін дәке терезелерге ілінеді, бірақ бұл да көмектеспейді. Қарлы-ақ мата бірден қара күйемен жабылған. Ауыл тұрғындарында екі талап бар. Біріншіден, құбырды ұзарту, егер құбыр биік болса, онда түтін

желмен ұшып кетеді. Екіншіден, халыққа зиянды заттар түспеуі үшін жаңа сүзгіні орнату. Жібек Жолы ауылдық округінің жанындағы жылыжайларды экологиялық проблемаларды мойындайтын жергілікті кәсіпкерлер салған. Олар ауаның ластануын жою үшін бәрін жасаймыз деп тұрғындарды сендіруде. Алайда, олардың айтуынша, ауылға газ құбыры жүргізілмейінше, мәселе шешілмейді.

Аудан тұрғыны, кәсіпкер Нұржан Делишев Шымкентте сүзгіні іздеп, екі-үш фирма айналысатынын айтты. Орнатуды жасайтын қарапайым фирмалар емес, экологиялық дамумен айналысатын фирмалар. Шымкент аумағында қажетті сүзгіні таппағанын айтады. "Қазіргі уақытта біз көмірді толығымен тастауға дайын емеспіз, өйткені бізде газ жоқ. Газдандыру әлі де жоспарда және оның жүргізілетіні немесе жүргізілмейтіні белгісіз. Егер біз жылыжайларды жылытпасақ, онда барлық өнім қатып қалады", - деді кәсіпкер [6,7,8]. Осы экологиялық мәселеге мектеп оқушылары «Жасыл мектеп» моделі аясында мектеп ауласында жылыжай орнатып, көкөніс өнімдерін егіп мониторинг жүргізуге болады. Мектеп оқушылары жаңа сүзгіні орнатпай жылыжай мұржасының құбырын биік орнатып зерттеу жүргізуге тиімді. Мониторинг жүргізу барысында оқушылар тек қана ауаның ластану дәрежесін анықтап қана қоймай, түрлі өсімдік түрлерін егіп, оларды да бақылауға, топыраққа тыңайтқыштар себуді, сонымен қатар, жаңбырлатып, тамшылатып, топырақтың төменгі қабаты арқылы суару түрлерін қолданып көруге де мүмкіндік туғызады. Аудан мектептерінде жылыжай соғуға мүмкіндіктер көп, осы мүмкіндіктерді оқушылар тиімді пайдалана білуі керек деп ойлаймын.

Қазығұрт өзенінен бастау алып, дарияға құятын Келес өзенінен алынатын тасты көп қазудың салдарынан Келес арнасын жоғалтып, су деңгейі уақыт өткен сайын азаюда. Егер мемлекет карьер қазуды жалғастыра беретін болса, ауыл халқы, диқандар аз уақыттан соң сусыз қалайын деп тұр. Бұл тастардың мен айтқан елдімекендерде қазылып жатқанына 10 жылдан асты. Кейбір ауыл тұрғындары өздері шығып, тас қазуды тоқтатқан. Тасты қазып жатқан кәсіпкерлер бір камазын 15-20 мың теңгеге сатып жатыр. Ауданға тағайындалған экологтың өзі осылармен сыбайлас болуы мүмкін. Тас қазушылар түнде де жұмыс істейді. Менің есептеуімше, бір түнде бір карьерден 300 камаз тас шығарылады. Қызыләскерде 7 карьер бар. Олардың бір күндік табысы 1-2 миллион теңгені құрайды. Тұрғындардың болжамынша, судың қазіргі деңгейі 5 метрге дейін түскен. Егер, тас алу осылай жалғасын таба берсе, бұлақтардың суы тартылып, бөгет қою мүмкін болмайды.

Шағал тастарды алуға мемлекет рұқсат беретін болса, олар Түркия сияқты таудағы тасты алып, арнайы құрылғы арқылы майдалап, өндеп сатулары тиіс. Ал бұл Келес өзенінен алынып жатқан дайын майдаланған тас. Бұрын ауылға келгенде суына шомылып өскен Келестің аянышты жағдайын көріп жүрек ауырды. Ақтөбе ауылдық округіне 5 ауыл қарайды, сол ауылдардың барлығы дерлік Келес өзенінен су алады. Судың деңгейі қазір 5 метрге дейін түскен. Болашақта осылай қазылатын болса, тағы 4-5 метр түсіп бөгет қоюға келмейді. Салдарынан диқандар сусыз қалайын деп тұр. Табиғатта тепе-теңдік бұзылмау керек. Баланс сақталмаудың соңы өте үлкен апатқа апарады. Карьердегі тастың мамандар белгіленген мөлшерден тыс алынуы судың жер астына жайылуына әсер етеді. Салдарынан су көлемі азайып, бұлақтар тартылып, жер қыртысы бүлінеді. Карьерден тас пен құмды тонналап алғаннан кейін, олардың орны босап, тура сол көлдің суындай жер тесіліп қалады. Экологиялық стандарт бойынша карьерлерді 30 метрге дейін ғана қазуға рұқсат берілген, ал жеке кәсіпкерлер 100 метрге дейін қазып, жерасты суына дейін барады. Жерасты суы мен көл қосылған соң, су құрамы өзгеріске ұшырап, тығыздық бұзылады. Бұл өз кезегінде аталған өлкенің биоалуандылығына әсер етеді. Жақын болашақтағы 20 жыл ішінде жер бетіндегі сулардан айырылып қалуымыз мүмкін деген болжам бар. Осы мәселе бойынша мектеп оқушылары далалық зерттеулер жүргізіп тұрғылықты жерлеріндегі өзен немесе көл, көлшіктерді зерттеп, өсімдіктері мен жан жануарларын бақылап, жағалауларын тазалап, суын алып химия сабағында құрамын тексеріп көру әрбір оқушының қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыруы сөзсіз.

Аудан аумағында антропогендік әсердің салдарынан мия тамырының көлемі күрт азайды, оның ішінде оны заңсыз және бақылаусыз өндіруге байланысты. Бұл өсімдік сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдік түрлерінің тізіміне енгізілмеген, осыған байланысты мия тамырын заңсыз өндіргені үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылмаған. Орман қорына кірмейтін жерлерде мия тамырын өндіруге әкімшілік жауапкершілік қарастырылмаған. Табиғат қорғау прокуратурасы Бас прокуратураға кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселелерге бастамашылық жасауды және мия тамырының экспортын тоқтата тұру немесе оны биологиялық негізделген мөлшерге дейін шектеу туралы мәселені қарауды ұсына

отырып, тиісті ақпарат жолдады. Бұл ұсыныстар қарастырылуда. Сонымен қатар, әлемдік тәжірибеде бұл мәселені шешудің басқа жолдары бар. Жүргізілген талдау қоршаған ортаға зиян келтірместен мия тамырын өсіру және жинау мүмкіндігі бар екенін көрсетті. Ол үшін өсімдікті өсіру, жинау, өңдеу және кейіннен сату бойынша іс-шараларды ұйымдастыру арқылы аталған қызметті ретке келтіру керек. Мия тамырын дақылдардың құрамына қосу қажет болуы мүмкін.

Сонымен қатар, бұрын табиғатты қорғау прокуратурасы жүргізген тексеру көрсеткендей, 2 жылдан астам уақыт бойы облыстың барлық өңірлерінде қалалар мен аудандардың әкімдіктері коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, сондай-ақ коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифін Сарыағаш ауданында табиғат қорғау прокуратурасының ұсынысы бойынша әзірледі және бекітті. Осыған байланысты, қоғамдық кеңестің отырысында табиғатты қорғау прокуратурасында коммуналдық қалдықтарды жинау, тасымалдау және сақтау кезінде, орман қорына кірмейтін жасыл желектерді қорғау саласында, атмосфералық ауаның шамадан тыс ластануы, ағынды сулар мен тазарту құрылыстарын ағызу және мия тамырын заңсыз жинау кезінде заңдылықты сақтаудың проблемалық мәселелері талқыланды, оның нәтижелері бойынша уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілдеріне тиісті талдау жүргізу және қысқа мерзімде облыстың экологиялық проблемаларын шешу жөнінде ұсыныстар енгізу ұсынылды.

Қорытындылай келе, мектеп оқушыларын табиғатты қорғап қана қоймай, энергия көздерін, шикізатты тиімді қолдануға жастайынан тәрбиелеу аса маңызды. Экологиялық сауат дәл осы мектеп қабырғасында қалыптасады. Олардың макулатура мен пластикалық бөтелкелерді қайта өңдеуге өткізуі осы бағыттағы жетістіктердің бірі деуге болады. Экология мәселесінің өзектілігін жіті түсінген жастар болашағын биологиямен байланыстырып жатады. Түлектер өз тәжірибесін өзінен кейінгі оқу-шыларға беріп, бірлескен жобаларды жүзеге асырады. Жылыжайда гидропоника әдісімен өсімдіктерді топырақсыз, жасанды әдіспен өсіретін стартапты жүзеге асыруды жоспарлауда.

Білім беру мекемелерінде берілетін жүйелі мақсаттағы экологиялық білім, тәрбие арқылы негізінен, табиғатқа деген жауапкершілік, отанға, оның табиғи байлықтарына, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қалыптасады. Сол табиғаттың иесі адам, солардың бірі қазақ ұлты, оның тілі, салт-дәстүрі, ырым-тыйымдары, нақыл сөздері табиғатпен тығыз байланысты. Табиғатты сүю, ол Отанды сүю деген сөз.

Әдебиет тізімі:

1. <https://egemen.kz/article/283047-ekologiyalyq-sauattylyqty-qosymsha-bilim-arttyrady>
2. <https://bilimainasy.kz/%D1%8D%D0%BA%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F%D0%BB%D1%8B%D2%9B-%D1%82%D3%99%D1%80%D0%B1%D0%B8%D0%B5-%D0%B0%D1%80%D2%9B%D1%8B%D0%BB%D1%8B-%D0%B1%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%B4%D1%8B/>
3. Бейсенова Ә., Шілдебаев Ж., Сауытбаев Г. Экология. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы
4. К. Сарманов, Н.К. Перкас «Экологиялық білім беру бағдарламасы» Қазақстан мектебі № 8. 1993 ж.
5. 10. Қуатбаев, А.Т. Экология және қоршаған орта проблемалары: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
6. <https://ru.sputnik.kz/20220222/sel-turkestanskaya-oblast-edkyi-dym-22987436.html>
7. <https://otytar.kz/2022/02/dym-iz-teplits-travit-selchan-v-turkestanskoj-oblasti/>
<https://skpftk.za.com/kk-kz-886102>

УДК 37.013

«ЗЕЛЕНЬЙ САД – ЗЕЛЕНАЯ ШКОЛА – ЗЕЛЕНЬЙ КОЛЛЕДЖ – ЗЕЛЕНЬЙ УНИВЕРСИТЕТ» В ИНТЕРЕСАХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ОБЩЕСТВА

Асан Нұрсұлтан Нұрлыбекұлы
ГКП на ПХВ «школа-гимназия №26», Астана, Казахстан
asannursultan99@mail.ru